

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
IVапта (25 – 29қаңтар 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар үстел үсті, саусак және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Менің көршім» Мақсаты: көрші адамдарды атау	Ойын: «Зәулім үйлер» (құрастыру), Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту	Сюжеттік рөлді ойындар: «Мен және менің отбасым» Мақсаты: өз үйлеріндегі адамдарды ретімен атау	Дидактикалық ойын: «Көршісін тап», Мақсаты: ойын тәртібін сақтай білуге дағдыландыру	«Жыл құстарының кетуі» Мақсаты: ойынға қызығушылығын арттыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Сауат ашу Тақырыбы: Табиғат – менің өз үйім. Ұ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі.Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Үркітпе, абай бол, атпа сөздерін пайдаланып, сурет бойынша әңгімелейді. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. – Баланың қолындағы айыр ағашы неге ұқсайды? Балалар өз ойларын айтады. 2-тапсырма. Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишара мен бейнелеп, дауыс	1.Математика негіздері. Тақырыбы: Біз өнім жинадық. Ұзындықты өлшеймін. Мақсаты: Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру. Ынталандыру. Педагог көгөністер бейнеленген суретті көрсетіп, былай леп сұрайды: – Көгөністердің атауларын білесіңдер ме? Содан кейін көгөністердің пайдасы туралы білулі және ұзындықты өлшеп үйренуді ұсынады. Педагог жидектер, жемістер мен көгөністер қандай фигураға ұқсайтынын салыстыруды ұсынады. Мысалы: Құлпынай – үшбұрыш, қарбыз – шар, кияр – сопақ, қызанақ – шар, дөңгелек. 1-тапсырманы орындауды ұсынады, онда көгөністерді ұзындығы бойынша салыстыру керек. Осыған ұқсас тәжірибелік жұмыс ұйымдастыруға болады.	1.Сауат ашу Тақырыбы: Қаңбақ пен қоныздың саяхаты. Ұ дыбысы мен әрпі Мақсаты: ң дыбысымен таныстыру. «ң»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «ң» әрпін таныту; <i>Біз әдепті баламыз, Айтқан тінді аламыз. Үлкенге де – «сіз», – деп, Кішіге де – «сіз», – деп, Бас иеміз біз!</i> Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсындар? Суреттегі қоныз бен қаңбақтың әрекеттерін айтады. <i>Қоңыз, қаңбақ, шұңқыр</i> сөздерін қайталайды. Балалар Ұ дыбысы естілген сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысы естілетін буындарды айтады.	1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Мамандықтар әлемінде» Мақсаты: Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру. Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін. әңгімелесеміз. Мектепке келгенде сендерді ең бірінші кім қарсы алды? (Мұғалім). Мұғалім туралы айтып беріндерші. Кез келген адам мұғалім немесе инженер бола ала ма? – Жоқ. Мұғалім болу үшін мұғалімнің оқуын, инженер болу үшін инженердің, аспаз болу үшін аспаздың оқуын оқу керек. – Мамандық алу үшін еңбектеніп оқу керек. «Сөзді тап!» ойыны: педагог	1.Өзін-өзі тану. Тақырыбы: «Қайырымдылық» Мақсаты: қайырымдылық туралы мәлімет беру Шаттық шеңбері Біздің топта балалар, Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды. «Ақ тиін мен қасқыр» Мысал. -Ақтиін не себептен көңілді жүреді. -Ал қасқыр ше? Дәйексөз «Жақсылық жасау да-бақыт» -Жақсылық жасау дегеніміз біреуге көрсеткен, қамқорлығын. Жамандықты ойламай, өзгелерді ренжітпей, айналаңа жақсы істер жасап қуантсаң, көңілің қуанышқа бөлінеді, бақытты боласың. Сергіту сәті: Көтеріл шаңырақ, Керегелер керіліп, Өрімдей боп өріліп,

<p>ырғағымен айтады. «Түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Әуп-әуп-әуп!», «Қар-қар-қар!», «Тырау-тырау!». «Бақ-бақ!», «Барқ-барқ!»</p> <p>Балалар суреттегі жануарлардың суретіне қарай отырып, ненің дауысы екенін табады.</p> <p>Ү дыбысы естілген жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі.</p> <p>Ү – жіңішке, дауысты дыбыс. Ү дыбысын айтқанда еріндер құбырға ұқсап, ұшы сүйірленіп алға созылады.</p> <p><i>Sergiyu сәті.</i></p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі.</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Ү – ешкім де қолдан жасамай, Қос біткен айыр, ашамай.</p> <p>М.Әлімбаев</p> <p>Педагог айыр ағаштың, ағаш бұтағының суретін тақтада ілулі тұрған Ү әрпінің бейнесіне ұқсатады.</p> <p>4-тапсырма. Ермексаздан ү әрпін мүсіндеп жасайды.</p> <p>5-тапсырма. Ү дыбысынан басталатын сөздерге мысалдар келтіреді және таяқшалардан ү әрпін құрастырады және ү әрпін қолдарымен бейнелейді. Ү дыбысы кездесетін сөздер құрап айтады. Мысалы: үкі, үтік, үстел т.б.</p> <p>Ү әрпінің баспа түрін жазады.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Біздің ұлттық ойындар»</p>	<p>Балалар заттарды қатар қойып салыстырады немесе бір-біріне беттестіреді және ұзындық туралы қорытынды жасайды.</p> <p>1- тапсырманың екінші бөлігін орындауды ұсынады, онда көгөністерді салыстырып, өзінің жұмбақтарын ойлап табуы керек.Педагог жиынтық полотнода заттарды бір-бірінен алысқояды немесе көгөністерді, ойыншықтарды бөлменің әртүрлі жағына орналастырады.</p> <p>– Не ұзынырақ?</p> <p>Балалар қателесуге болады деген қорытынды жасай</p> <p>Жеке жұмыс істеу үшін</p> <p>2 -тапсырманы орындауды ұсынады, онда ең ұзын бұрышты қызылмен, ал ең қысқасын жасылмен бояу керек. Қызылдан қысқарақ, бірақ жасылдан ұзынырақ бұрышты сарымен бояу керек (түстерді мәтінде қарындашпен көрсету керек), өлшем ретінде қағаз жолақты алуға болады. 3-тапсырманы орындауды ұсынады, онда көгөністердің ұзындығын салыстыру керек. Әртүрлі қорытынды шығуы мүмкін. Мысалы:</p> <p>Әлия мен Сырым көгөністердің ұзындығын өлшемдермен өлшейді. Сырым жержаңғақпен, ал Әлия грек жаңғағымен өлшейді.</p> <p>Балалар ҰОҚ-де қолданатын өлшем ретінде жолақшаларды немесе бұршақтарды (тең) үлестіріп беруге болады. Бірдей өлшемдермен өлшеу керек екенін көрсету керек.</p> <p>Егер өлшемдер әртүрлі болса, әртүрлі нәтиже шығуы мүмкін.Қорытындылап,мадақтау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту.</p>	<p>Қо-ңыз, қаң-бақ, шұң-қыр.</p> <p>Дыбыстық белгілермен жазылған қаңбақ және қоңыз сөздерін тауып көрсетеді. Педагог «Ң» дыбысын 2-3 қайталайды. Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы белгілі-бір қашықтағы жағдайда сақталады, тілдің ұшы төмен түседі де, арты тандайдың түбіне барып жабысады және ауа мұрын жолы арқылы шығады.</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Педагог шағын әңгімені оқып береді. Балалар мұқият тыңдап педагогтің сұрағына жауап береді.</p> <p>1. Қоңыз қаңбаққа не айтуды ұмытты?</p> <p>2. Қоңызға не көмектесті?</p> <p>3. Табиғат құбылыстарының қайсысында Ң дыбысы естіледі?</p> <p><i>Жаңбыр</i> сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>«Жолдасыңды жолда тастама!» нақыл сөзінің мағынасын педагог балаларға түсіндіреді.</p> <p>Ң – үнді дауыссыз дыбыс. Ң дыбысынан сөз басталмайды. Балалар сөз басталмайты Ң дыбысы туралы айтады.</p> <p><i>Sergiyu сәті</i></p> <p>Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Сағаттың тіліндей Соғады жүрегіміз.</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Ң әрпімен танысамыз. Қайсысы қайсысының дауысы? Педагог балғаның, қоңыраудың, мәшиненің суретін әкеліп кітаптағыдай жасап көрсетеді.</p>	<p>өлен оқиды. Бірақ бір сөзді тастап кетеді. Оны тәрбиеленушілер табады: Гүл өсірсен терлеп Мұның аты – (Балалар хормен «еңбек» деп айтады).</p> <p>Кесте терсең зерлеп Мұның аты – Көз алдыларыңа елестете аласыңдар ма: егер адамдар жұмысқа бармаса, онда не болады? (Аспаз жұмысқа шықпаса, тамақ болмайды. Құрылысшы жұмысқа шықпаса, үй салынбай қалады. Мұғалім мектепке келмесе, ҰОҚ жүрмей қалады). Мамандық дегеніміз – адамның еңбек қызметінің түрі. Мамандық таңдау да мектеп қабырғасынан басталады. Сондықтан бүгін өзіміз қалаған мамандық туралы өз ойымызды айтамыз.</p> <p>Дәрігер – емдейді; мұғалім – білім береді, тәрбиелейді; техниканы программалаушы жұмысы компьютермен байланысты; аспаз – ас пісіреді, тәрбиеші – тәрбие береді т.б.</p> <p>«Мамандықтар әлемінде» тақырыбындағы балалар күндерінде болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.</p> <p><i>Жұппен жұмыс.</i></p> <p>Мамандықтарды ата. Қай</p>	<p>Ұықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Дәптермен жұмыс. -Суреттер бойынша «жақсылық» , «қамқорлық», «көмек» сөздерін қатыстырып, әңгіме құрастыру. Суреттерді бояу. Жақсылық жасау-бақыт, қуаныш. Дидактикалық ойын. «Сикырлы саусақтар» -Бүгін біз жақсылық жасау-бақыт, қуаныш екенін түсіндік, бір-бірімізге жақсылық жасай білуді үйрендік.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Біздің ұлттық ойындар» Мақсаты: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау Тыңдау: «Көкпар». (А.Исағұлова, Ж.Жақыпбаев) Ән айту. «Жомарт елім» (И.Нүснпбаев, Т.Молдағалиев) Аспапта ойнау: «Сәулем– ай » (өңд. Б.Дәлденбай)</p> <p>3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Жыл мезгілдері (негізгі қимылдар) Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Балалар спорт түрлерін элементтеріне қарап таба-</p>
---	--	---	--	---

<p>Мақсаты: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау</p> <p>Тыңдау: «Көкпар». (А.Исағұлова, Ж.Жақыпбаев)</p> <p>Ән айту. «Жомарт елім» (И.Нүснбаев, Т.Молдағалиев)</p> <p>Аспапта ойнау: «Сәулем– ай »(өнд. Б.Дәлденбай)</p> <p>3.Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы:Әр жыл мезгілінде қандай өзгерістер болады? Наурыз-экологиялық мереке.</p> <p>МақсатыМаусымдық өзгерістердің жанды табиғатқа тигізер ықпалын анықтау Мен жерімді сүйемін, Жеріме дән себемін. Ауа таза болсын деп, Жылда ағаш егемін. Балалар, табиғат құбылысы дегеніміз не? Есімізге түсірейікші. Бүгін біз сендермен әр маусымдағы өзгерістер болатыны туралы айта-тын боламыз. Маусымдық өзгерістер дегеніміз не? Қалай ойлайсындар? Жұмбақтарды шешу арқылы маусымдық өзгерістер туралы түсінік беру.</p> <p>1. Аяз қысып, өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап жастар ойнайды. Бөбектерім, айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? (Қыс).</p> <p>2. Қар, мұз еріп, су көбейіп, Сай-салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы</p>	<p>Тақырыбы: Алматыға саяхат</p> <p>Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып, гүлдейді үміт. Арманға сапар тарту мүмкін емес, Жол жүру ережесін білмей тұрып. Қазақстанның ірі қалаларын ата. – Сен қай қалада тұрасың? – Қаланың бір шетінен екінші шетіне тұрақты қатынайтын қандай көліктер бар? – Бір қаладан екінші қалаға немен жетуге болады? – Ол қандай көліктер? Педагог балалардан бүгін не туралы әңгімелесетінін сұрайды. Талқылау барысында бүгінгі сабақтың тақырыбы жол жүру туралы болатынын анықтайды. Педагог балаларды Алматы қаласына саяхат жасауға шақырады.</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс:</p> <p>1-тапсырма. Сен тұратын жерден Алматы қаласына қандай көлікпен баруға болатынын анықта.</p> <p>Ойын: «Сөйлемді аяқта». Мен автобусты таңдаймын, себебі ... Мен ұшақты таңдаймын, себебі ... Мен пойызды таңдаймын, себебі ... Мен автомобильді таңдаймын, себебі ...</p> <p>2-тапсырма. Суреттен нені көріп тұрсың? Олар қай қалада орналасқан? Сен олар туралы не білесің? Әңгімеле. Педагог өлең оқып береді.</p> <p>Алматы қаласы Жап-жасыл ағашы, Қып-қызыл алмасы.</p>	<p>Балға «Шың-шың!», қоңырау «Дың-дың!», мәшине «Ғ-ғ»» дейді</p> <p>4-тапсырма. Педагог тақтадағы Ғ дыбысының бейнесімен таныстырады. Н әрпінің бейнесімен салыстырып көрсетеді.</p> <p>4-тапсырма Әдемі моншақтардан шаңғының өзінен және таяғынан Ғ әрпін жасауды көрсетеді. Балалар Ғ әрпінің бейнесіне қарап өздері жасайды. Ғ әрпі кездесетін сөз ойлап айтады. Ғ әрпінің баспа түрін алдымен ауада жазады. Соңынан жазу жолдарына жазады.</p> <p>2.Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: Тым жоғары белсенділік.</p> <p>(негізгі қимылдар)</p> <p>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Балалармен белсенділіктің пайдасы мен зияны туралы әңгімелесіңіз. Тым аз белсенділік нәтижені жақсартуға ықпал етпейді, ал тым жоғары белсенділік шаршатып, шамадан тыс жаттыққандыққа әкеліп соқтырады. Еркін бағытта түрлі тірек-қимыл тәсілдерін пайдалана отырып, музыка үнімен қозғалуды ұсыныңыз. Музыка ырғағын өзгертіңіз, осыған сәйкес балалар да қозғалыс қарқынын өзгертеді.</p> <p>Тізбекте бір-бірден жүру. Екі қатар сапқа тұру. Жалпы</p>	<p>мамандық маңызды? Қорытынды жаса.</p> <p>2-тапсырма: Жұмбақтарды шеш.</p> <p>тәрбиеленушілерге жұмбақ жасырады.</p> <p>Жұмбақтардың шешуі: мұғалім, дәрігер, тігінші, шегарашы, ғарышкер, полиция.</p> <p>3-тапсырма: Педагог Айсұлудан көмек сұрайды және суретте қандай мамандық иелері бейнеленгенін анықтап беруді сұрайды. Әр мамандық иелерін жұмысына қажетті құрал-жабдықпен сызық арқылы қосу. Айсұлудан көмек сұрайды: «Кімге не керек?» Жұмыс істеу үшін кімге не керек? Мұғалімге не керек? (Бор, кітап)</p> <p>Сергіту сәті: – Саусағым, қайда болдың? Балалармен не істедің? – Бір баламен жүгірдім, Бір баламен биледім, Бір баламен қыдырдым, Бір баламен ойнадым, Бір баламен секірдім, Достарымды жинаймын, Ойынды бастаймын!</p> <p>4-тапсырма: «Кім боламын?» ойыны «Кім боламын?» деген сұраққа жауап береді. (Тәрбиеленушілер болашақта кім болғысы келетіндерін айтады).</p> <p>2.Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Ғажайып фигуралар»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық</p>	<p>ды, өздерін спортшы ретінде елестету ұсынлады.</p> <p>«Жеңіл атлетика» Аяқ ұшымен жүру, жүгіру – тізені жоғары көтере отырып аяқты артқа қарай тізеден қатты бұғу. Әрбір қозғалыс түріне сәйкес қол қимылдарын жасауға на-зар аударылады.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен айналысып, тез өсеміз»: аяқтың ұшына көте-ріліп, қолды жоғары көтеріп, демді ішке тарту. «Күн сайын биік боламыз»: қолды төмен түсіріп, табанмен толық тұру – демді сыртқа шығару. Ептілікті дамытуға арналған жалпы дамыту жаттығуы.</p> <p>Гимнастикалық орындықпен жүру, әрбір қадам сайын тіктеп жоғары көтерілген аяқтың астынан шапалақтау. Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; орындықтан түскенде алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін бүкіл табанмен тұру. Биік нәрсе үстінде жаттығу орындаған кез-дегі қауіпсіздік техникасы туралы ескертіледі, қажет жағ-дайда сақтық шаралары қабылданады. Балаларға ұсыныңыз.</p> <p>«Баскетбол» Баланың жоғары көтерілген қолынан 30 см биіктікке ілін-ген затқа (таспа) жүгіріп</p>
---	--	---	--	--

<p>Бұл қай кезде болады? (Көктем).</p> <p>3. Өрік, алма, Жидек жүзім піседі. Қауын-қарбыз, Қияр, сәбіз дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дөнге толады. Бөбектерім, айтындаршы Бұл қай кезде болады? (Жаз)</p> <p>4. Бұлттар төніп, жерге төгіліп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өңі тайып, Дала нұры қашады. Ойнай алмай, Денең мұздап тонады. Бөбектерім, айтындаршы Бұл қай кезде болады? (Күз)</p> <p>Балалар, қандай жыл маусымдарын білесіңдер? Жылдың төрт мезгілі бар: қыс, көктем, жаз, күз. Маусымдық өзгерістерге анықтама беріп көрейікші.</p> <p>Маусымдық өзгерістер – әр жыл мезгілінде өзіне тән табиғат құбылыстары мен өзгерістері.</p> <p>Ертегі: «Жыл атайдың төрт баласы»</p> <p>Ерте, ерте, ертеде Жыл атай өмір сүріпті. Ол бүкіл табиғат құбылыстарының иесі болыпты. Табиғаттың әрбір мүшесі Жыл атайдың құзырында екен. Жыл атайдың мінездері әртүрлі төрт баласы болып-ты. Бірінші баласының аты – Қыс екен. Оның мінезі өте қатал, ашушаң болған екен. Мінезінің қатты болғанымен, көңілі пәк, ниеті түзу екен. Бірақ ашуланса, бүкіл әлемді өзінің суық ызғарымен тоңдырып тастай-тын көрінеді. Ал үлкен баласынан кейінгі</p>	<p>Ақ басты тауы бар Алматы қаласы. Ақындар ағасы Тұр Абай данасы. Көшесі көрікті Алматы қаласы.</p> <p>Сергіту жаттығуы: Жол астында бір ін бар, Не екенін кім табар. Неге онымен адамдар Өрі-бері ағылар? (<i>Метро</i>)</p> <p>3-тапсырма. Алматы қаласының аты қай жеміске байланысты қойылған? Белгіле. Сен ол жеміс туралы не білесің? Сипатта.</p> <p>3.Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Серуенде</p> <p>Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің кеңістіктік арақатысын бейнелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстасып, шаттық шеңберін құрайды. Бір-біріне жылы сезім сыйлайды. Педагог ауруханада жатқан ұл баладан хат алғанын айтады. Оның көшеге шығып, достарымен серуендегісі келеді. Ол төбешіктен сырғанауды, велосипед тебуді жақсы көретінін айтады. Серуенде өз уақыттарыңды қалай өткізетіндерің туралы әңгіме-суретте бөлісіңдер. Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс. Иллюстрацияға қараңдар. Балалардың не істеп жатқанын айтындар. Сендер серуенде немен айналысқанды жақсы көресіңдер? Сендермен бірге кім серуендейді? Суреттегі құрылғылардың қандай геометриялық пішіндерге ұқсас екендігін</p>	<p>дамыту жаттығулары</p> <p>Тыныс алу жаттығуы</p> <p>Мақсаты: балаларды мұрын арқылы демалуға үйрету, оларды күрделілеу тыныс алу жаттығуларын орындауға дайындау.</p> <p>1. Мұрынды сипау (мұрынның екі қапталын) ұшынан кеңсірікке дейін – ішке дем тарту. Демді сыртқа шығарғанда танау тесіктерінің үстін сұқ саусақпен сипалау (5-6 рет).</p> <p>2. Оң мұрынмен, содан кейін сол мұрынмен 8–10 рет дем алу, сұқ саусақпен оларды кезек жабу.</p> <p>3. Мұрынмен ішке дем тарту. Сыртқа ауа шығарғанда «м-м-м» дыбысын айта отырып танау тесіктерінің үстін тоқылдата ұру.</p> <p>4. Ішке дем тартқанда, мұрын тесіктерін саусақпен үстінен баса отырып ішке кірген ауаға қарсылық көрсету. Ұзағырақ дем тартқанда мұрын тесіктерінің үстінен кезекпен тоқылдату керек.</p> <p>Залдың бір жағынан екінші жағына өте отырып тапсырма орындау. Сынып болып тапсырма орындаған кезде кеңістік, дене және нысанды бақылау, тәуекелдікті азайту туралы еске салыңыз. Екі тобық арасына доп қысып алып жүру.</p> <p>3.Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Бәрін білгім келеді?</p>	<p>пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу).</p> <p>ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату.</p> <p>«Бірге қуанамыз»</p> <p>Күн мен құстарға қуанамыз, (<i>Балалар қолдарын жоғары көтереді.</i>)</p> <p>Күлімдеген жүздеріне қуанамыз, (<i>Бір-біріне күлімдейді.</i>)</p> <p>Ғаламшардағы бүкіл адамдарға, (<i>Қолдарын екі жаққа созады.</i>)</p> <p>«Қайырлы таң!» – дейміз, (<i>Қол ұстасады.</i>)</p> <p>Анам мен әкеме де «Қайырлы таң!»</p> <p>Баршаңызға «Қайырлы таң!»</p> <p>Педагог «Неге ұқсайды?» деген ойынды ұйымдастырады. Балалар пішіні әртүрлі бояу тамшыларына қарап, қиялдайды. Педагог бояу тамшыларының қалай пайда болатыны туралы айтады және балаларға сиқыршы болу ұсынылады. Ал сиқыршылардың қолынан барлығы да келеді. Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс. Педагог балаларға суретке қарап, автордың осы жапсырмада нені пайдаланғанын айқындауды ұсынады. Тәрбиеленушілер материал мен құралдарды атайды. Педагог «коллаж» ұғымын</p>	<p>келіп секіріп қол тигізу. Нұсқау – қолды сермеу қимылы мен аяқты серпу күшін үйлестіру. Көрсету кезінде тым алыстан емес және таспаға жүгіріп келмей, аяқты тиісті жерде серпуге назар аударылады. Қауіпсіздік техникасы: таспаға тек қолұшын тигізу, іс-әре-кетті саптан бір баладан ғана орындау.</p> <p>«Волейбол»</p> <p>Бір-біріне екі қолмен кеуде тұсынан керілген жіп (тор) арқылы доп лақтыру. Допты лақтыру күшін саралап, әріптесінің қолына туралап доп лақтыруға назар аударады. Нұсқау – екі шынтақты қыса ұстап алға-жоғары-төмен бағыт бойынша доп лақтыру.</p> <p>4.В к.</p> <p>Ойнаймыз,ойлаймыз.</p> <p>Тақырыбы: Сұйық және сусымалы.</p> <p>Мақсаты: Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге дағдыландыру.</p>
--	---	--	---	--

<p>баласының аты – Көктем екен. Көктем өте көңілді, жайдары, жан-жағына шуағын, нұрын төгіп жүреді екен. Қыс ағасының ашуланған кезінде осы Көктем ашуын басып, сабырға келтіріп отыратын көрінеді. Көктемнің ерекшелігі бүкіл тіршілік иелеріне мейірлене қарап, жан бітіреді екен. Сондықтан оны жануарлар мен өсімдіктер патшалығы ерекше құрметтейді екен. Бірақ Көктем кейде мұңайып та қалады екен. Осындай мұңайған сәтте көмекке келетін үшінші баласы Жаз екен. Жаз Жыл атайдың барлық балаларының ішінде ең жайдары, ең мейірімдісі екен. Жаз бүкіл жер бетіне өзінің ыстық шуағын төгіп, жеміс-жидектердің пісуіне септігін тигізеді екен. Жазға бүкіл гүлдер патшалығы бағынатын көрінеді. Бүкіл жәндіктер мен жануарлар да оған дән риза. Жыл атайдың ең кенже баласы – Күз екен. Күз үнемі мұңайып, томсырай-ып жүреді екен. Бірақ кейде қуанышты сәттері де болады. Томаға тұйық мінезіне қарамастан, Күз өте жомарт, қолы ашық екен. Әсіресе, оған Адамдар патшалығы дән риза. Өйткені астықпен, жеміс жидектермен, көкөністермен қамтамасыз ететін осы Күз екен. Жыл атай әр баласының мінездерінің ерекшеліктеріне қарамастан, оларды өте жақсы көріпті. – Ертегі не жайында айтылған?</p>	<p>талқыландар. Динамикалық үзіліс Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды. Қосыпқұмға лайды, Сылақшылар сылайды. Терезе,есік,едені, Қиюласты әдемі. Құрылысшы боламыз Зәулім үйлер саламыз. Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Педагог жеке гигиена ережелерін еске түсіруді ұсынады. Тәрбиеленушілерді жұмыс орнын тазалықта ұстау қажеттілігіне ынталандырады. Әліппе-альбоммен жұмыс. Педагог серуендегі тәрбиеленушінің өзін салуды ұсынады. Алдымен нені салатындарыңды анықтап алындар. Сурет салу үшін қандай құралдарды таңдайсындар? Суреттерінде суық реңктер басым бола ма, әлде жылы ма? Қандай ағаштарды саласындар? Ағаштардың жерден өсетінін есте сақтаңдар, демек, оларды төменнен жоғары қарай салатын боламыз. Біз акварель бояумен саламыз. Бірінші кезекте біз не істеуіміз керек? Салған суреттерін қорытындылап,мадақтау. 4.Орыс тілі. Тема: Мы едем,едем,едем Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их</p> <p>Организационный момент. Рано утром солнце встало, Все вокруг светлее стало. В небе синем потянулось Детям нашим улыбнулось. Посмотрите друг на друга и подарите улыбки.</p>	<p>Мақсаты: Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. шаттық шеңбері Біз ерекше баламыз, Біз әдепті боламыз. Досымызды көргенде, Қуанып қарсы аламыз. Тәрбиеленушілерге көздерін жұмып отыруын сұрайды. Тәрбиеленушілер көздерін жұмады. – Ыңғайланып отырып, өзімізді еркін сезінейік, өз бойыңдағы жылуынды, махаббатыңды достарыңа тарат. Осылайша сендер достарыңа жылылық, ізгілік, қуаныш тілендер. Тілеген тілектерің өздеріне достарың арқылы жақсылық болып қайта оралады. Терең тыныс алып, көзімізді ашайық. Балалар бір-бірімен құшақтасып, жағымды көңіл күйлерімен бөліседі. Осы жақсы қасиеттерді бойымызға дарыта отырып, «Мектеп бізге не үйретеді?» сұрағына жауап іздеп көрейік. Айсұлу мен Қуаныш балаларға «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып береді Айсұлу дауыс ырғағын келтіре отырып мәнерлеп оқып шығады, ал Қуаныш жай ғана оқып шығады. Зерттеу: Педагог кімнің оқыған әңгімесі ұнағанын сұрайды. Неліктен? Тәрбиеленушілер екпін қою, дауыс ырғағының не үшін</p>	<p>береді. Коллаж – әртүрлі материалдардан – мата, қағаз, газет, фотосурет, таспалардан жасалатын сурет. Қосымша бөлшектерді бояулармен немесе қарындаштармен салуға болады.Педагог балаларға өздеріне белгілі қағазбен жұмыс істеу тәсілдерін еске түсіріп, сюжеттік коллаж жасауды ұсынады. Саусақтарға арналған жаттығу. Саусақтарды барынша тарбитамыз, <i>(Саусақтар тарбиган, тырысқан.)</i> Бір, екі, үш, төрт, бес. <i>(Санаған сайын саусақтар бас бармақтан бастап шынашаққа дейін бір-бірлеп жұдырыққа біріктіріледі.)</i> Бәрін бірге қысамыз – үш, төрт, бір орында билейміз, <i>(Саусақтар жазылады және «шамшырақ» қимылы жасалады.)</i> Өкшеге тұрамыз, <i>(Шынашақтар кездеседі, бас бармақтан басқа саусақтар бүгіліп, алақанға қысылады.)</i> Одан кейін өкшеге тұрамыз, <i>(Бас бармақтардың бастары кездеседі.)</i> Біз достармыз <i>(Шынашақтардың бастары кездеседі.)</i> Енді жаттығу жасаймыз, <i>(Бас бармақтардың бастары кездеседі.)</i> Аппликация жасау технологиясы Педагог балаларға өзінің немен айналысатыны туралы көршісіне</p>
--	---	---	--

	<p>– Жыл атайдың қанша баласы бар екен? – Ертегіде қандай мезгілдер туралы айтылған? «Маусымдық өзгерістер» тақырыбында сурет бойынша әңгімелеу (1-тапсырма) – Балалар, суреттен нені байқадыңдар? – Қай мезгілді көріп отырсыңдар? – Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Жаз мезгілінің басқа мезгілдерден айырмашылығы қандай? – Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары неге сары түске енеді деп ойлайсыңдар? – Көктем мезгілінде алғаш жер бетіне шығатын қандай гүл? Жануарлардың кейбір түрі жаз, күз мезгілдерінде азықтарын жинап, қыста қысқы ұйқыға кетеді. Адамдар да әр маусымдық өзгерістерге байланысты киім киеді. Көктемде жерді жырттып, дәнді-дақылдар мен көкөністерді, жемістерді отырғызып, жазда күтіп-баптап, күзде жинап алады. Балаларды әңгімелетіп, қорытындылау.</p> <p>4.В к. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Ақшамшық» (сақина салу) ИКТ. Мақсаты: Балалардың зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту. Өзара қарым-қатынас жасау тәрбиелеу.</p>	<p>Предлагает рассмотреть картинки с изображением шофера, водителя. Кто по профессии эти люди? На чем они работают? Летом все едут отдыхать. Выбирают себе маршрут, покупают билеты, собирают чемоданы. Сегодня мы рассмотрим вид транспорта, на котором можно путешествовать. Работа в азбуке-тетради. Задание №1. Послушай и повтори. Рассмотр, назови одним словом. Сегодня к нам приехала выставка машин. Как называется этот вид транспорта? Почему его так назвали? Беседа. Чем похожи все эти машины? (<i>есть кабина, колеса, двери</i>) Чем различаются? Как называется машина, на которой возят грузы? Как называются машины, на которых ездят люди? Кто такие пассажиры? На каком виде транспорта вы отправитесь путешествовать и почему? Задание №2. Послушай стихотворение. О какой машине идет речь? Динамическая пауза «Едем-едем мы домой». Едем-едем мы домой (<i>движения, имитирующие повороты руля</i>) На машине легковой Въехали на горку: хлоп. (<i>Руки вверх, хлопок над головой</i>) Колесо спустилось: стоп. (<i>Руки через стороны вниз, присест</i>) Звуковая гимнастика. Машины издают разные звуки, давайте попробуем поговорить на языке машин:</p>	<p>керек екенін айтады. Тәрбиеленушілер екпін қойып, дауыс ырғағын келтіріп оқу тыңдағанға жақсы, қызықты екенін анықтайды. Айсұлу балаларға әңгімені мәнеріне келтіріп айту тыңдаушының оның мазмұнын тез түсінуіне көмектесетінін айтады. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Артикуляциялық жаттығуларды айнаға қарап жаса. Сөздерді дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығулармен тыныс алу жаттығуларын үнемі қайталау керектігін педагог ескеріп отыруы керек. Ойын: «Сөздерді дауыстап және ақырын айт». Мақсаты: Дауыс аппаратын және сөйлеу тілін, есту қабілетін дамыту; сөздерді жылдамдығына, дауыс жоғарылығына қарай естіп ажыратуға үйрету; әрі жылдамдықпен, әрі дауыс жоғарылығымен айтып жаттықтыру. Ойынның барысы: Балалар жаңылтпашты жаттайды (жаттықтырған дыбысына байланысты). Мысалы: с – з дыбыстарын салыстыру кезінде. 2-тапсырма. Жаңылтпашты әртүрлі екпінде қайталайды. Сыздық судан сүлік сүзді, Сыздықтың сүлік салмасын үзді. Жаңылтпашты ең алдымен сыбырлап, сосын ақырын дауыспен, сосын қатты дауыспен айтуын ұсынады.</p>	<p>айтып беруді ұсынады. Оның альбомына қандай сиқырлы фигуралар қоныстанады? Олар қандай тәсілмен жасалады? Педагог тәрбиеленушілерге аппликацияда ғимараттардың және т. б. нысандардың дұрыс тұрғызылуын көрсетуге көмектеседі. Балалардың назарын бейнелеуді өз беттерінше жобалауға, жұмысты қиюдан бастауға, алдымен көлемді бөліктерін жапсыруға, содан соң кіші бөліктермен толықтыруға және соңында өзгешелік сипат беретін бөліктермен аяқтауға кеңес береді. Педагог тәрбиеленушілерге түрлі түсті қағаз, көшірме қағаз, газет-журналдардың кесінділерін, тұсқағаздардың қиықтарын, үйден әкелінген фотосуреттерді (егер олар екі нұсқада болса) пайдалануға кеңес береді. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: Айналамыздағы әлем (Ауада) (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара пайым дене жаттығуларымен алмастыру «Дене шынықтыру басталады – бір! Қарыштатып адымдаймыз – екі! Саптан қалма, қара алға – үш! Көк аспанда жарқырайды күн көктем, Шымыр болып өсерміз әлі, біз ертең!» Бір-бірінің артына бір баладан сапқа тұрып, жай адымдап</p>	
--	--	---	---	--	--

		<p>Как рычит мотор? Р-р-р-р-р. Как движется поезд? Чух-чух-чух. Как машина подает сигнал? Би-би-би</p> <p>Чистоговорки. Уль-уль-уль – у машины руль. Обус-обус-обус – новенький автобус. Задание №3. Рассказать другу о транспорте по образцу с помощью схемы. Назови, сколько слов в предложении. Дидактическая игра «Кто что возит?». На столе стоят игрушки различных видов транспорта. Педагог предлагает соотнести количество транспорта с его действием. <i>Например: Поезд везет пассажиров – поезда везут пассажиров.</i> Пальчиковая гимнастика «Поезд». <i>(Дети выставляют ладони перед собой, раздвигают пальчики, затем прижимают ладони друг к другу. Соединяют большие пальчики, а остальные – «лучиками»)</i> Это наш веселый поезд. Много в нем вагонов дружных, Всем на свете очень нужных <i>(быстро соединяют пальцы в замок и разъединяют)</i> Раз – вагончик, <i>(загнуть один пальчик вниз)</i> Два – вагончик, <i>(загнуть второй пальчик вниз)</i> Три, четыре, пять, шесть – <i>(загнуть по одному четыре пальчика)</i> Есть места, где можно сесть. <i>(загнуть мизинчики)</i> Проходите по порядку <i>(разгибать пальчики по одному)</i> И поехали ребятки</p>	<p>3-тапсырма. Есте сақта! Адам өзінің көңіл күйін екпінмен сөйлеу арқылы білдіреді.</p> <p>4.Мүсіндеу Тақырыбы:Сәукеле Мақсаты: Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерлен-ген образды сәндеу әдістерін пайдалану (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу). Шаттық шеңбері Қазақтың ұлттық баскиімдері немесе баскиімдердің суреттері салынған картиналар Пікір: бұл баскиімдерді бізбен бір елде тұратын адамдар жасаған. Олар өз ісінің хас шеберлері. «Тиісті бас киімді таңда»: балалар картиналарды пайдалана отырып, адамдарға жасы мен жынысына қарай баскиім таңдайды. Тәрбиеленушілер ҰОҚ-де не жайлы айтылатынын болжап, зерттеу мақсаты мен тақырыбын айқындайды. Зерттеу минуты. Балалар қазақ әйелдерінің ұлттық бас киімдерінің түрлерімен танысып, оларды бір-бірімен салыстырады және аттарын атап, қандай тәсілмен безендірілгенін айтып береді. Келіннің бас киімі – сәукелемен танысады. Әліппе-дәптермен жұмыс.</p>	<p>жүру. Тізені биік көтеріп жүгіру. Нұсқау – жеңіл, ырақты жүгіру; тізені 90 градусқа дейін көтеру, қолды белге қою. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, түзету жаттығуларын орындау. 2 қатар сапқа тізілу. Топпен жалпы дамыту жаттығуларын құрсаудың көмегімен жасау. Сапқа тұрғанда тиісті арақашықтықты сақтауға назар аударыңыз. Балалар құрсау пайдаланып майтабан ауруының алдын алуға, ептілікті дамытуға арналған жаттығуларды ойдан құрастырсын. Жақсы идеяларды бейімдеп қолданыңыз. Дене қозғалысын өздігінен бақылау машықтығына назар аударыңыз. (Құрсаумен түрлі кимылдар жасау: құрсаумен, өкше жерде аяқтың басы құрсауда, аяқтың басы жерде – өкше құрсауда). Лақтыру, орындық үстімен жүру кезінде қауіпсіздік техникасы туралы ескертеді. 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп лақтыру. Оң және сол қолмен нысанаға лақтырғанда денені дұрыс ұстауға көңіл бөлінеді. Лақтыру техникасына назар аударылады – алдымен қолды айналдыра төмен, содан кейін артқа қолды толық жазылғанша серпеді. Тепе-теңдік –</p>	
--	--	--	--	--	--

		<p>(потрясти всеми пальчиками) (Е. Евдокимова)</p>	<p>Балалар мозаикалық тәсілмен жасалған сәукеле үлгілерімен танысып, мүсіндеудің жаңа әдісімен танысады.</p> <p>«Жабысқақ саусақтар ...» .</p> <p>«Еске түсіру минуты».</p> <p>Ермексазбен жұмыс істеу ережелері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмысқа қажетті ермексаздың түсін таңдап ал. 2. Ермексаздан өзіңе қажеттісін кескішпен кесіп ал. 3. Кесіп алған ермексазды қолыңмен жылытып, жұмсарт. 4. Жұмысты аяқтағаннан кейін құрғақ әрі жұмсақ майлықпен қолыңды сүртіп, содан соң сабындап жу. <p>Ойын-жаттығу:</p> <p>«Ермексазбен достас»</p> <p>Ермексазды жұмыс істеуге дайындау.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы, жеке сүйемелдеу.</p> <p>қорытындылау.</p>	<p>гимнастикалық орындықпен жүру,</p> <p>әрбір қадамда аяқты түзу ұстап, жоғары көтерілген аяқ астынан шапалақтау. Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; аяқты алдымен табанның алдыңғы жағына қойған соң барып бүкіл табанмен тұру. Биік жерде жаттығу орындаған кездегі қауіпсіздік техникасы туралы ескертіледі, сақтық шараларына көңіл бөлінеді.</p> <p>«Менің жүрегім» оқыту ойыны</p> <p>«Қолдарыңды кеудеге қойыңдар (көрсетемін). Сендер тыныш тұрғанда жүрек бірқалыпты соғады, ал ашуланған кезде жүрек қағысы жиілейді. Бұл жүректің сендерге: «Тоқта, сабыр сақта, ашуланба», – деп ескерткені. «Кешір», – дейді ол. Кәнеки, жүрегімізге көмектесіп, бір-бірімізді ренжітпей, дос болайық. Сонда жүрегіміз бірқалыпты соғатын болады. Достарыңа күлкі сыйлаңдар».</p> <p>Өз денесіне қамқорлықпен қарауға назар аударады.</p> <p>4.В к. Логика әлемі.</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Азайту. «-» белгісі.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>«-» азайту белгісімен таныстыру.</p> <p>Ойын: «Шардың түсімен жыл мезгілін сәйкестендір» (қызыл, сары, ақ, жасыл)</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>1 - ден 10 – ға дейін тура және кері санау Дидактикалық ойын.. «Жоғалған сан». Сандардың көршісін табу. (1 - ден10 - ға дейін сандар бойынша ретімен тұрады, балалар көршілерін табады.) 1. - Дүкеннен анам дөңгелек 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. Менде неше доп қалды? (1) 2. - Қоянда неше құлақ бар. (қоянның суретін көрсету) 3. - Қолда қанша саусақ бар? (саусақтардың суретін көрсету) 4. Ағашта 5 құс отыр, оның 2 – үі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? 5. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?</p>	
<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>С/р/о «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>С/р/о«Менің анам -аспазшы» Мақсаты:Үлкендердің еңбектерін ескере келе , өздерінің қалай ұстау керек дағдыларын ұштастыру. Ас атауларын білу.</p>	<p>Ермек ойындар: «Шалқан» ертегісін рөлдерге бөлу. Мақсаты: Татулыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сюжеттік рөлді ойындар: «Мен және менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.</p>	<p>С/р/о«Дүкен» Мақсаты:азық – түлік атауларын атап, ақшаның қажеттілігін түсініп, сатушы қызметін дұрыс білуге үйрету..</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық.табиғатты бақылау,таныстыру.Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен №4 Жеңіл көліктерді бақылау Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту</p>	<p>Серуен №5 Күн мен түн неге ауысады? Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.</p>	<p>Серуен №6 Ағаштарды бақылау Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Серуен №7 Қарғаларды бақылау Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. қарғалардың тіршілігін бақылау құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p>	<p>Серуен №8 Қар ұшқындарын бақылау Мақсаты: — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>қатаң және ұяң дауыссыздарды ажырату.</p>	<p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды білу.</p>	<p>өз ойын айта алады, басқалардың пікірін тыңдату</p>	<p>қағаздан симметриялық пішіндерді қия алу</p>	<p>жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Дыбыстарды ажыратуын қадағалау</p>	<p>Жұмбақтар жаттау</p>	<p>Есептер шығару</p>	<p>Мақал –мәтел жаттау 1-3</p>	<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>